

№36 (20 901)
11 қыркүйек,
2025 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газеті
www.atr.kz
«Атырау» газеті
atyrau_gazeti
Atyrau_news
Атырау жаңалықтары

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

«Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ РЕСПУБЛИКА ПАРЛАМЕНТІ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА ОСЫНДАЙ ТАҚЫРЫПТА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ДӘСТҮРЛІ ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАДЫ.

АСТАНА ТӨРИНЕН ТІКЕЛЕЙ ТРАНСЛЯЦИЯЛАНҒАН БҰЛ ЖОЛДАУДА БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ – ІШКІ ТҰТЫНУ НАРЫҒЫН НЫҒАЙТУДЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ҚОСЫЛҒАН ҚҰНЫ БАР ӨНІМ ӨНДІРІСІН ҚОЛДАУДЫ БАСТЫ НАЗАРҒА АЛУ АНЫҚТАЛДЫ.

ЖОЛДАУДА АТАП КӨРСЕТІЛГЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР ҚАТАРЫНДА БАРЛЫҚ САЛАДА САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЕНГІЗУ, ӨНДІРІСТІҢ ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СЕКТОРЫНЫҢ ДАМУЫ, АУҚЫМДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ – АЗЫҚ-ТҮЛІК, ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ КӨЛІК САЛАЛАРЫНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ ҚАМТЫЛДЫ.

(Жолдаудың толық мәтінін 2-7 беттерден оқи аласыздар)

*Экология

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ: өзендер тартылып барады

ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫНДА ЖЕРГІЛІКТІ АУҚЫМДАҒЫ ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖАРИЯЛАНДЫ. БҰЛ ШЕШІМ ҚИҒАШ ЖӘНЕ ШОРА ӨЗЕНДЕРІНІҢ, ОЛАРДЫҢ АРНАЛАРЫ МЕН КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ЖЫЛ САЙЫН ТАЙЫЗДАНЫП, ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫҢ КҮРТ НАШАРЛАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАБЫЛДАНДЫ.

Құрманғазы ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ернар Боранғалиевтің айтуынша, табиғаттың мұндай тосын мінезі аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға да, экологиялық тепе-теңдікке де ауыр салмақ түсіріп отыр. Балықтардың уылдырық шашуы мен көшу үдерісі бұзылып, бағалы түрлердің

жойылу қаупі күшейді. Шекара және құқық қорғау органдары кемелерінің қозғалысы қиындап, шаруашылықтардың балық аулау мүмкіндігі жыл өткен сайын шектеліп барады. Арналар арқылы ауыл шаруашылығы алқаптарына су бармай, жайылымдар құрап, мал шаруашылығы да зардап шегуде.

Сол себепті ауданда арнайы жедел штаб құрылып, төтенше жағдайды жою

жөнінде іс-шаралар жоспары бекітілді. Оған аудан әкімінің орынбасары Марат Хасанов жетекшілік етіп отыр. Қазір Қиғаш пен Шора өзендерінің 128 шақырымдық арнасына тереңдету жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Татар-Телячье, Көкарна, Ягодный, Тухлай, Қызылжар, Бұзаусылан, Сұрхан, Қадыр, Көнеу, Баклан және Иголкин арналарының әрқайсысында жүйелі жұмыстар қолға алынбақшы.

Бұған қоса, теңіз тамағындағы Жарқоса мен Ганюшкин арналары тереңдетіліп, ұзындығы 10,8 шақырымдық бөлікте кеме қозғалысы қалпына келуі тиіс.

(Соңы 11-бетте)



*Өнеркәсіп

Елде болса, ерінге тиер еді



ЖАСЫРАТЫНЫ ЖОҚ, ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНА ДЕЙІН ТЕК АЙДЫН ТӨСІНЕН «СУ МАРЖАНЫН» СҮЗІП ЖҮРГЕН АТЫРАУ ЖҰРТЫ ХХ ҒАСЫРДЫҢ ОРТА ШЕНІНЕН БАСТАП, «ҚАРА АЛТЫН» САТУДЫ КӘСІП ҚЫЛА БАСТАДЫ. ҮШІНШІ МЫҢЖЫЛДЫҚҚА ЖУЫҚ ШИКИ МҰНАЙ МҰХИТ АСЫП, ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕРГЕ ЭКСПОРТТАЛҒАНМЕН, ОДАН ШЫҒАТЫН ӨНІМДЕРДІ ӨЗІМІЗ ШЕТЕЛДЕН САТЫП АЛУҒА МӘЖБҮРМІЗ. ЖАСЫРАТЫН НЕ БАР, КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСҚА ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛДАР, ҚАРАПАЙЫМ КӨЙЛЕК-КӨНШЕГІМІЗДІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ХИМИЯЛЫҚ ТАЛШЫҚТАР ЕЛІМІЗДЕ ӨНДІРЕЛТІН МҰНАЙ МЕН ГАЗДАН БӨЛІНЕДІ. АЛ БІЗ ӘЛІ СЫРТҚА ЖАЛТАҚТАП, КӨРШІЛЕРДІҢ ЭКОНОМИКАСЫНА ТӨУЕЛДІМІЗ.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ОСЫ МӘСЕЛЕГЕ БИЫЛҒЫ ЖОЛДАУЫНДА АЙРЫҚША ТОҚТАЛДЫ. ӨНДІРСІПЕН ҚАТАР, ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУТУДЫ ДА АЛДЫҒЫ КЕЗЕККЕ ҚОЙДЫ. АЛ, ҚОЙНАУЫ ҚҰТҚА ТОЛЫ АТЫРАУ ӨНІРІНДЕ МҰНАЙ-ГАЗ ХИМИЯ САЛАСЫН ӨРКЕНДЕТУГЕ НЕ КЕДЕРГІ? ІРГЕДЕГІ АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨНДІРС ОШАҒЫНАН ШЫҚҚАН ТАУАРДАН НЕГЕ ЖАҢА ӨНІМ ШЫҒАРУҒА ҚҰЛШЫНЫС ЖОҚ?

(Толығырақ 13-бетте)